

Бекітемін:

Мектеп директоры: Ж.Сундетов

Педкеңесте қаралды

№ 1 «31» : 08 2023 жыл

**Амангелді орта мектебінің оқу-тәрбие  
жұмысының жоспары**

**2023-2024 оқу жылы**

## ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тындауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

### **Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет студі, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

### **Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

#### **Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;

- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

#### **Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл;
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді;
- Елінің тарихын құрметтейді;
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді;
- Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

#### **Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

#### **Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

#### **Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалық жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

#### **Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

**Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:**

«Оқуға құштар мектеп»

«Балалар және театр»

«Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)

«Ұшқыр-ой алаңы»

«Жеткіншектің жеті жарғысы»

«Ұлттық мектеп лигасы»

«Ғаламтор қауіпсіздігі»

«Төрт тоқсан-төрт өнер»

«9 ай- 9 іс-шара»

«Ата-аналар мектебі»

## ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

*1-қыркүйек - Білім күні, сынып сағаттары;*

*5қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар*

*Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930жыл*

*Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80жыл*

| №   | Негізгі жұмыс бағыттары   | Іс-шаралар  | Жауаптылар   | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|--|--------------------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ</b> |   |   |  |                    |
| 1   | <b>1 қыркүйек - Білім күні</b>  | «Мектебім – мейірім мекені» салтанатты жиын және сынып сағаттары  | ТЖО Е.Хитрук<br>Тәлімгер М.Сағынова<br>Сынып жетекшілер                | Қыркүйек           |
| 2   | <b>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы</b>  | Еріктілер ұйымын құру<br>«Еңбек ерлікке бастайды» еңбек адамдарымен кездесу   | Жоба жетекшісі Е.Қалиев<br>Тәлімгер М.Сағынова                         | Қыркүйек           |
| 3   | <b>«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы</b>   | «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» сынып сағаты, сыныптан тыс жұмыстар   | Жоба жетекшісі Л.Мамбетова<br>сынып жетекшілер                         | Қыркүйек           |
| 4   | <b>«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы,</b>  | «Отбасылық дәстүрлер» сурет көрмесі   | Жоба жетекшісі С.Сиябаева  | Қыркүйек           |
| 5   | <b>Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес</b> | «Есірткі профилактикасы» жаднама тарату<br>«Қызылша ауруының алдын алу» алдын алу жұмыстары   | Е.Хитрук<br>Мектеп медбикесі А.Узбекова                                | Қыркүйек           |
| 6   | <b>«9 айға – 9 іс-шара» жобасы</b>  | «Сергіту сәті» челленджі  | Жоба жетекшісі Е.Хитрук<br>ДШҰ   | Қыркүйек           |
| 7   | <b>Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмыстар</b>                                   | «Жемқорлыққа жол жоқ!» сурет көрмесі  | Тәлімгер М.Сағынова  | Қыркүйек           |
| 8   | <b>Ауылдық ПБ қызметкерінің қатысуымен кездесу</b>  | «Құқық бұзушылықтың алдын алудағы ата-ананың ролі» ата-аналар жиналысына баяндама   | ДТЖО Е.Хитрук, сынып жетекшілер, ауылдық полиция инспекторы Д.Бисебаев | Қыркүйек           |
| 9   | <b>«Оқуға құштар мектеп» жобасы</b>   | «Тілім менің - тірегім» А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған кеш<br>«Менің сүйікті ақын-жазушым» танымдық сағат.<br>«Ұлы даланың ұлтаралық тілі» тіл туралы өлең оқудан челлендж | кітапханашы Г.Мырзағалиева<br><br>сынып жетекшілер                     | Қыркүйек           |
| 10  | <b>«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы</b>  | «Волейболды серік етейік» волейболдан жарыс   | Жоба жетекшісі<br>Ө.Халидуллин   | Қыркүйек           |
| 11  | <b>«Ата-аналар мектебі» жобасы</b>  | «Отбасы – бақыт мекені» сынып сағаттары   | Жоба жетекшісі Е.Хитрук<br>Сынып жетекшілері                           | қыркүйек           |

## ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

1 қазан – Қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

25 қазан – Республика күні

Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл

Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр – Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл

Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл

Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

| №   | Негізгі жұмыс бағыттары   | Іс-шаралар   | Жауаптылар  | Орындау мерзімдері |
|---|---|--|---|--------------------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ</b> |   |  |   |                    |
| 1   | <b>Құқық бұзушылықтың алдын алу<br/>«Жеткіншектің Жеті Жарғысы»<br/>жобасы</b>            | «Құқықтық сауаттылық – уақыт талабы»<br>дөңгелек үстел<br>«Бес нәрсеге асық бол ...» сыныптан тыс шара | Тәлімгер М.Сағынова<br><br>Жоба жетекшісі Л.Мамбетова | Қазан              |
| 2   | <b>«Еңбегі адал жас өрен» жобасы<br/>Мектеп парламенті</b>                                | «Менің бизнес идеяларым» командалық жұмыс.<br>«Таза табиғат» экологиялық акциясы                       | Жоба жетекшісі Е.Қалиев<br>Тәлімгер М.Сағынова        | Қазан              |
| 3   | <b>«Ата-аналар мектебі» жобасы</b>  | «Қарттарым – асыл қазынам» кездесу   | ДТЖО Е.Хитрук<br>Тәлімгер М.Сағынова                  | Қазан              |
| 4   | <b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс</b>   | «Балалар – сыбайлас жемқорлыққа қарсы» қашықтан өтетін балалар сурет байқауына қатысу                  | Тәлімгер М.Сағынова                                   | Қазан              |
| 5   | <b>«9 айға – 9 іс-шара» жобасы</b>  | «Әнұран орындау» челленджі   | Жоба жетекшісі Е.Хитрук<br>сынып жетекшілер           | Қазан              |
| 6   | <b>«Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы</b>   | «Ақындар айтысы»   | Жоба жетекшісі Е.Хитрук<br>сынып жетекшілер           | Қазан              |
| 7   | <b>«Оқуға құштар мектеп» жобасы</b>   | «Жақұты барға жасын түспейді»<br>«Бімырттағы кітапхана»кеш   | Кітапханашы Г.Мырзағалиева                            | Қазан              |
| 8   | <b>«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы<br/>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b>                         | «Жастардың желідегі әдебі» дебат   | Жоба жетекшісі С.Сиябаева<br>Қ.Ұлықпанов              | Қазан              |
| 9   | <b>Мектеп парламенті</b>  | «Дублер күні»  | М.Сағынова өзін-өзі басқару ұйымы                     | Қазан              |
| 10  | <b>Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу</b>   | «Біз әр түрліміз, бірақ біз біргеміз» сынып сағаты   | ДТЖО Е.Хитрук   | қазан              |
| 11  | <b>Салауатты өмір салтын насихаттау және нашакорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес</b> | «Қыз балалар гигиенасы» алдын алу жұмыстары  | Қыздар клубының жетекшісі Т.Жумина                    | қазан              |

## ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

15 қараша – Ұлттық валюта күні

Күзгі демалыс

| №   | Негізгі жұмыс бағыттары  | Іс-шаралар  | Жауаптылар   | Орындау мерзімдері |
|---|--|---|--|--------------------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ</b> |  |   |  |                    |
| 1   | «Ата-аналар мектебі» жобасы  | «Анасы жақсы қандай-ды» кездесу<br>«Отбасылық дәстүрлер» ата-аналар жиналысы                                | Жоба жетекшісі Е.Хитрук<br>Сынып жетекшілер                | Қараша             |
| 2   | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс   | «Оян, ар мен адалдық» сыныптан тыс жұмыс  | Тәлімгер М.Сағынова  | Қараша             |
| 3   | «Еңбегі адал жас өрен» жобасы  | Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» жоба жұмысы                           | Жоба жетекшісі Е.Қалиев                                    | Қараша             |
| 4   | «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы   | «Өнегелі өмір» эссе жазу  | Жоба жетекшісі Л.Мамбетова                                 | Қараша             |
| 5   | «9 айға – 9 іс-шара» жобасы  | «Асық ату» челленджі  | Жоба жетекшісі Е.Хитрук<br>дене шынықтыру пәні мұғалімдері | Қараша             |
| 6   | Құқық бұзушылықтың алдын алу   | «Буллинг, кибербуллинг туралы не білеміз?» сауалнама алу<br>Ауылдық учаскелік полиция инспекторымен кездесу | ДТЖО Е.Хитрук<br>Учаскелік полиция инспекторы Д.Бисебаев   | Қараша             |
| 7   | «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы   | «Қауіпсіз деп ойлама, ғаламтормен ойнама» диалогтық алаң  | Жоба жетекшісі С.Сиябаева                                  | Қараша             |
| 8   | «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы  | «Тоғызқұмалақ-дау» жарыс  | Жоба жетекшісі<br>Ө.Халидуллин<br>Р.Артықбаев              | Қараша             |
| 9   | «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы   | «Алтын сақа»  | Жоба жетекшісі Е.Хитрук                                    | Қараша             |
| 10  | Салауатты өмір салтын насихаттау және нашакорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес | «Темекі шегу, вейпті пайдаланудың алдын алу» сыныптан тыс шара<br>«Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!»    | ДТЖО Е.Хитрук<br>Тәлімгер М.Сағынова                       | Қараша             |
| 11  | Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу   | «Діни экстремизм – опат болудың жолы» видеоролик көрсету  | АӘЖДТ жетекшісі Е.Қалиев                                   | қараша             |
| 12  | «Оқуға құштар мектеп» жобасы   | «Кел, бірге оқиық!», «20 минут оқы да, 3 минут эссе жаз» үзіліс кезінде кітап оқу                           | Жоба жетекшісі<br>Г.Мырзағалиева                           | қараша             |
| 13  | «Балалар және театр» жобасы  | «Театр әлеміне саяхат» көрме  | Жоба жетекшісі А.Қамиева                                   | қараша             |

**ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»**

*16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы*

| <b>№</b>  | <b>Негізгі жұмыс бағыттары</b>                                  | <b>Іс-шаралар</b>  | <b>Жауаптылар</b>  | <b>Орындау мерзімдері</b> |
|---|---|--|--|---------------------------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ</b> |   |  |  |                           |
| 1   | «Ата-аналар мектебі» жобасы                                     | «Бала – әр жауаның бақыты мен байлығы» психологиялық тренинг   | Психолог Е.Ақылбаев  | желтоқсан                 |
| 2   | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес «Еңбегі адал жас өрен» жобасы  | «Мен – еріктімін» ақпараттық сағат   | Тәлімгер М.Сағынова<br>Жоба жетекшісі Е.Қалиев                 | Желтоқсан                 |
| 3   | «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы                              | «Көк тудың желбірегені» сынып сағаттары<br>«Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» сынып сағаттары                         | Жоба жетекшісі Л.Мамбетова<br>Сынып жетекшілер                 | Желтоқсан                 |
| 4   | «9 айға – 9 іс-шара» жобасы                                     | «Шығарма жазу: Болашаққа хат» шығарма жазу челленджі   | Жоба жетекшісі Е.Хитрук  | Желтоқсан                 |
| 5   | Құқық бұзушылықтың алдын алу «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы | «Мектеп – заң аумағы» сыныптан тыс шара<br>«Бала құқығы – асыл қазына» сыныптан тыс шара                             | Жоба жетекшісі Л.Мамбетова<br>Әлеуметтік педагог<br>Г.Ахметова | Желтоқсан                 |
| 6   | «Оқуға құштар мектеп» жобасы                                    | «Үнемі оқитын адам – табысты адам»   | Кітапханашы Г.Мырзағалиева                                     | Желтоқсан                 |
| 7   | «Балалар және театр» жобасы                                     | «Қ.Рысқұлбековтің ерлігі» қойылым  | Жоба жетекшісі А.Қамиева                                       | желтоқсан                 |
| 8   | «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы                                  | «Қауіпті интернет ойындары» танымдық сабақ   | Жоба жетекшісі С.Сиябаева                                      | Желтоқсан                 |
| 9   | «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы                                   | «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» спорттық жарыстар<br>«Тәуелсіздік күнімен!» волейболдан біріншілік            | Жоба жетекшісі<br>Ө.Халидуллин<br>ДШҰ                          | Желтоқсан                 |
| 10  | Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу                      | «Діни экстремизм деген не?» сынып сағаты<br>«Діни экстремизм мен терроризм – әлемге төнген қауіп» видеоролик көрсету | Л.Мамбетова<br>ДТЖО Е.Хитрук<br>АӘЖТД жетекшісі Е.Қалиев       | желтоқсан                 |
| 11  | Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік                                    | Қауіпсіздік ережелері  | ДТЖО Е.Хитрук<br>АӘЖТД жетекшісі Е.Қалиев<br>сынып жетекшілер  | желтоқсан                 |



**ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы**

*Қысқы демалыс*

| <b>№</b>  | <b>Негізгі жұмыс бағыттары</b>   | <b>Іс-шаралар</b>   | <b>Жауаптылар</b>   | <b>Орындау мерзімдері</b> |
|---|--|---|---|---------------------------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ</b> |  |   |   |                           |
| 1   | «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы   | «Туған өлке ақындарының шығармалары»  | Жоба жетекшісі Л.Мамбетова<br>Сынып жетекшісі                         | Қаңтар                    |
| 2   | «Ата-аналар мектебі» жобасы  | «Қыз намысы – ұлт намысы» диалогтық алаң  | ДТІЖО Е.Хитрук<br>«Сырғалым» қыздар клубының жетекшісі<br>Т.Жумина    | Қаңтар                    |
| 3   | «Ата-аналар мектебі» жобасы  | «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» кездесу  | ДТІЖО Е.Хитрук  | Қаңтар                    |
| 4   | Ауылдық ІІБ қызметкерінің қатысуымен кездесу                                       | Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу | ДТІЖО Е.Хитрук сынып жетекшілер ауылдық полиция инспекторы Д.Бисебаев | Қаңтар                    |
| 5   | «Еңбегі адал жас өрен» жобасы  | «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» сыныптан тыс шара  | Жоба жетекшісі Е.Қалиев<br>сынып жетекшілер                           | Қаңтар                    |
| 6   | «9 айға – 9 іс-шара» жобасы  | «Қазақ есебі»   | Жоба жетекшісі Е.Хитрук<br>математика пәні мұғалімдері                | Қаңтар                    |
| 7   | «Оқуға құштар мектеп» жобасы   | «Мен оқыған бір ертегі/кітап»   | Кітапханашы Г.Мырзағалиева  | Қаңтар                    |
| 8   | «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы  | «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» ұлттық ойындар   | Жоба жетекшісі<br>Ө.Халидуллин  | Қаңтар                    |
| 9   | Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу   | «Терроризмнен азат әлем», «Біз терроризмсіз әлемді қолдаймыз!» қабырға газеттері  | Тәлімгер М.Сағынова   | қаңтар                    |
| 10  | «Балалар және театр» жобасы  | «Театр – өмір айнасы» презентация жасау   | Жоба жетекшісі А.Қамиева  | қаңтар                    |
| 11  | «Ұшқыр ой алаңы» жобасы  | «Интернет кітап орнын баса ала ма?» пікірсайыс  | Жоба жетекшісі Қ.Ұлықпанов  | қаңтар                    |
| 12  | Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу  | «Жемқорлықпен күрестің тарихы терең» сынып сағаты   | Тәлімгер М.Сағынова   | қаңтар                    |
| 13  | Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес | «Есірткіге жол жоқ!» презентация  | Мектеп медбикесі А.Узбекова   | қаңтар                    |

## АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

| №   | Негізгі жұмыс бағыттары  | Іс-шаралар  | Жауаптылар   | Орындау мерзімдері |
|---|--|---|--|--------------------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ</b> |  |   |  |                    |
| 1   | «Ата-аналар мектебі» жобасы  | «Отбасыдағы ортақ тіл» психологиялық тренинг<br>«Ұмыт болған ұлттық тағамдар»     | Психолог Е.Ақылбаев<br>ДТЖО Е.Хитрук                                       | Ақпан              |
| 2   | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес   | «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз» сыныптан тыс шара                  | Тәлімгер М.Сағынова  | Ақпан              |
| 3   | «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы<br>Құқық бұзушылықтың алдын алу                 | «Сен және Заң» сыныптан тыс шара  | Жоба жетекшісі Л.Мамбетова   | Ақпан              |
| 4   | «Еңбегі адал жас өрен» жобасы  | «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап!» кеш  | Жоба жетекшісі Е.Қалиев<br>Г.Жұбатқанова                                   | Ақпан              |
| 5   | «9 айға – 9 іс-шара» жобасы,<br>«Балалар және театр» жобасы                        | «Мен оқыған бір ертегі» шарасы  | Жоба жетекшісі Е.Хитрук<br>жоба жетекшісі А.Қамиева                        | Ақпан              |
| 6   | «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы   | «Интернет орнына бір кітап» сыныптан тыс шара                                     | Жоба жетекшісі С.Сиябаева  | Ақпан              |
| 7   | «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы  | «Менің кіші спортшыларым» сыныптан тыс шара                                       | Жоба жетекшісі<br>Ө.Халидуллин   | Ақпан              |
| 8   | «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы   | «Ұлттық өнер» көрмесі   | Жоба жетекшісі Е.Хитрук<br>пән мұғалімдері<br>Г.Мырзағалиева<br>Ж.Сундетов | ақпан              |
| 9   | Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес | «Туберкулезге жоқ де!» презентация  | Мектеп медбикесі А.Узбекова  | Ақпан              |
| 10  | Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу   | «Толеранттылыққа 20 қадам» психологиялық тренинг                                  | Мектеп психологі Е.Ақылбаев  | Ақпан              |
| 11  | «Оқуға құштар мектеп» жобасы   | «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» сайыс<br>Абайдың «Толық адам» ілімі | Кітапханашы Г.Мырзағалиева<br>Қ.Ұлықпанов                                  | Ақпан              |
| 12  | «Ұшқыр ой алаңы» жобасы  | «БП 21 ғасырдың ең үлкен ғаламдық проблемасы деп ... санайды » пікірсайыс         | Жоба жетекшісі Қ.Ұлықпанов   | ақпан              |

## НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ АЙЫ

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы

27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

| №   | Негізгі жұмыс бағыттары  | Іс-шаралар   | Жауаптылар  | Орындау мерзімдері |
|---|--|--|---|--------------------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ</b> |  |  |   |                    |
| 1   | «Еңбегі ерен жас өрен» жобасы  | «Табысты тұлға» танымдық сабақ   | Жоба жетекшісі Е.Қалиев                                       | Наурыз             |
| 2   | «Ата-аналар мектебі» жобасы  | «Бәрі де, Ана, бір өзіннен басталды» сыныптан тыс шара   | ДТЖО Е.Хитрук<br>Тәлімгер М.Сағынова<br>сынып жетекшілер      | Наурыз             |
| 3   | «Ата-аналар мектебі» жобасы  | «Атадан-өсиет, анадан-қасиет» сыныптан тыс шара<br>«Домбыра Party»                               | ДТЖО Е.Хитрук<br>Тәлімгер М.Сағынова<br>сынып жетекшілер      | Наурыз             |
| 4   | «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы   | «Ізгіліктің бір ізі – алғыс айту» акция  | Жоба жетекшісі Л.Мамбетова                                    | Наурыз             |
| 5   | «9 айға – 9 іс-шара» жобасы  | Домбырашылар   | Жоба жетекшісі Е.Хитрук<br>Үйірме жетекшісі Г.Умбетова        | Наурыз             |
| 6   | Көктемгі қауіпсіздік   | Қауіпсіздік ережелері  | ДТЖО Е.Хитрук<br>АӘЖТД жетекшісі Е.Қалиев<br>сынып жетекшілер | Наурыз             |
| 7   | «Оқуға құштар мектеп» жобасы   | «Жартқ ете қалсам, найзағай болып...» виртуалды көрме  | Кітапханашы Г.Мырзағалиева                                    | Наурыз             |
| 8   | «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы   | «Қауіпсіз ғаламтор – қауіпсіз қоғам» пікірталас  | Жоба жетекшісі С.Сиябаева                                     | наурыз             |
| 9   | «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы  | «Ұлттық ойын – ой сергітер» танымдық сабақ   | Жоба жетекшісі<br>Ө.Халидуллин                                | Наурыз             |
| 10  | Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу   | «Дін және конфессия кеңістігі» пікірталас  | Тарих пәнінің мұғалімдері<br>А.Жалмұқан Л.Мамбетова           | Наурыз             |
| 11  | «Балалар және театр» жобасы  | «Жеті лақ» ертегісін сахналау  | Жоба жетекшісі А.Қамиева                                      | Наурыз             |
| 12  | «Еңбегі адал жас өрен» жобасы  | «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері» сыныптан тыс шара  | Жоба жетекшісі Е.Қалиев                                       | Наурыз             |
| 13  | «Ұшқыр ой алаңы» жобасы  | «БП болашақ жастарды тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды дәріптеу маңызды деп есептейді» пікірсайыс | Жоба жетекшісі Қ.Ұлықпанов                                    | Наурыз             |
| 14  | Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес | «Жасөспірім және зиянды әдеттер» дөңгелек үстел  | Мектеп медбикесі А.Узбекова                                   | Наурыз             |

## СӘУІР- ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

12 сәуір – Ғылым күні

| №   | Негізгі жұмыс бағыттары                            | Іс-шаралар  | Жауаптылар  | Орындау мерзімдері |
|---|--|---|---|--------------------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ</b> |  |   |   |                    |
| 1   | «Ата-аналар мектебі» жобасы                        | «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» кездесу                            | Психолог Е.Ақылбаев   | Сәуір              |
| 2   | «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы                 | «Сөз қадірі – өз қадірің» сыныптан тыс шара                                       | Жоба жетекшісі Л.Мамбетова                                  | Сәуір              |
| 3   | «Еңбегі адал жас өрен» жобасы<br>Мектеп парламенті | «Таза табиғат» тазалық жұмыстары<br>«Экологиялық калейдаскоп» сыныптан тыс шара   | Жоба жетекшісі Е.Қалиев<br>Тәлімгер М.Сағынова              | Сәуір              |
| 4   | «Ата-аналар мектебі» жобасы                        | «Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем – жақсы адам»           | ДТЖО Е.Хитрук сынып жетекшілер                              | Сәуір              |
| 5   | Салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстары         | «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті» алдын алу жұмыстары                    | Мектеп медбикесі А.Узбекова                                 | Сәуір              |
| 6   | «9 айға – 9 іс-шара» жобасы                        | «Шахмат ойнау»  | ДТЖО Е.Хитрук<br>«Шахмат» үйірмесінің жетекшісі Р.Артықбаев | Сәуір              |
| 7   | «Оқуға құштар мектеп» жобасы                       | Кітапханаларға саяхат   | Кітапханашы Г.Мырзағалиева                                  | Сәуір              |
| 8   | «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы                     | «Интернет және қауіпсіздік» танымдық сабақ  | Жоба жетекшісі С.Сиябаева                                   | Сәуір              |
| 9   | «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы                      | Ұстаздар арасында волейболдан достық кездесу                                      | Жоба жетекшісі<br>Ө.Халидуллин                              | Сәуір              |
| 10  | Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу         | «Абайла, экстремизм!» жаднама тарату  | Ақпараттық топ мүшелері                                     | Сәуір              |
| 11  | «Балалар және театр» жобасы                        | «Театр-тәңірім, кино - іңкәрім» халық әртісі А.Әшімовтің өмір жолынан көрме       | Жоба жетекшісі А.Қамиева                                    | Сәуір              |
| 12  | «Ұшқыр ой алаңы» жобасы                            | «БП: жасөспірімдерді патриоттыққа тәрбиелеудің жолы деп ... есептейді» пікірсайыс | Жоба жетекшісі Қ.Ұлықпанов                                  | Сәуір              |
| 13  | Құқық бұзушылықтың алдын алу                       | «Құқықтық мәдениет және оның маңызы» сыныптан тыс шара                            | Әлеуметтік педагог<br>Г.Ахметова                            | Сәуір              |
| 14  | «Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы                   | «Туған өлкем» фестивалі   | Жоба жетекшісі Е.Хитрук                                     | сәуір              |

## МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

*1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні*

*7 мамыр-Отан қорғаушылар күні*

*9 мамыр-Жеңіс күні*

*31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні*

*Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл*

| №   | Негізгі жұмыс бағыттары                    | Іс-шаралар  | Жауаптылар   | Орындау мерзімдері |
|---|--|---|--|--------------------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ</b> |  |   |  |                    |
| 1   | «Еңбегі адал жас өрен» жобасы              | «Менің гүлзарым» мектеп айналасын гүлдендіру жұмыстары                            | Жоба жетекшісі Е.Қалиев  | Мамыр              |
| 2   | «Ата-аналар мектебі» жобасы                | «Оқырмандар отбасы» сайыс   | ДТЖО Е.Хитрук<br>Жоба жетекшісі<br>Г.Мырзағалиева<br>Сынып жетекшілер                | Мамыр              |
| 3   | «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы         | «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» жиын<br><br>«Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» | Тәлімгер М.Сағынова<br>Жоба жетекшісі Л.Мамбетова<br>Сынып жетекшілер<br>Л.Мамбетова | Мамыр              |
| 4   | «Ата-аналар мектебі» жобасы                | «Бала тәрбиесіне байыпты қарайық» ата-аналар жиналысы                             | ДТЖО Е.Хитрук<br>сынып жетекшілер  | Мамыр              |
| 5   | «9 айға – 9 іс-шара» жобасы                | «Жасыл мекен» челленджі   | Жоба жетекшісі Е.Хитрук  | Мамыр              |
| 6   | Жазғы қауіпсіздік                          | «Жазғы уақыттағы баланың қауіпсіздігі»  | ДТЖО Е.Хитрук<br>АӘЖТД жетекшісі Е.Қалиев<br>сынып жетекшілер                        | Мамыр              |
| 7   | «Оқуға құштар мектеп» жобасы               | «Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл» кеш                                   | Кітапханашы Г.Мырзағалиева   | Мамыр              |
| 8   | «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы              | «Денсаулық –FEST» көп сайыс   | Жоба жетекшісі<br>Ө.Халидуллин   | Мамыр              |
| 9   | «Балалар және театр» жобасы                | «Менің атым Қожа» әңгімесінен үзінді сахналау                                     | Жоба жетекшісі А.Қамиева   | мамыр              |
| 10  | Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу | «Ұлттар достастығы» флеш-моб  | Тәлімгер М.Сағынова  | мамыр              |

**МАУСЫМ – КӨҢІЛДІ ДЕМАЛЫС, ҚЫЛМЫССЫЗ ЖАЗ**

| <b>№</b>  | <b>Негізгі жұмыс бағыттары</b>                    | <b>Іс-шаралар</b>   | <b>Жауаптылар</b>   | <b>Орындау мерзімдері</b> |
|---|---|---|---|---------------------------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ</b> |   |   |   |                           |
| 1   | <b>1-МАУСЫМ</b><br><b>«Балаларды қорғау» күні</b> | «Өлкенің гүл жайнаған балғындары» мерекелік шара            | ДТІЖО Е.Хитрук<br>Тәлімгер М.Сағынова<br>сынып жетекшілер | Маусым                    |
| 2   | <b>4-маусым – Мемлекеттік рәміздер күні</b>       | «Мемлекеттік рәміздерім – ұлттық мақтанышым» мәдени іс-шара | ДТІЖО Е.Хитрук<br>Тәлімгер М.Сағынова<br>сынып жетекшілер | маусым                    |
| 3   | <b>Жазғы демалыс лагері жұмыстары</b>             | «ЖАЗ. BALA. FEST» жазғы демалыс                             | ДТІЖО Е.Хитрук<br>Тәлімгер М.Сағынова                     | Маусым                    |